

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА**

1 желтоқсан 2025

№ AIFC-C/CFI/2025/0056 іс

Миропольский Вадим Евгеньевич

Талап қоюшы

қарсы

(1) TOO «UNIPARK»

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Том Монтагю – Смит КС

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2025 жылғы 7 қарашадағы талап мәлімдемесінің негізінде Талап қоюшы Сотқа ХТО №37/2025 төрелік іс бойынша 2025 жылғы 2 қазандағы біржақты төреші Кириченко Илья қабылдаған Төрелік шешімнің К бөлімінде көрсетілген шараларды тану және орындау туралы Бұйрық беруін сұрады.
2. Төрелік шешімді қарағаннан кейін мен талап мәлімдемесі негізді деп шештім. Сол себепті мен былай бұйырамын:
 - 1) ТОО «UNIPARK» Миропольский Вадим Евгеньевичтің пайдасына мына сомаларды төлеуге тиіс: сыйақы 125 000 (жүз жиырма бес мың) теңге; валюталық компенсация 50 000 (елу мың) теңге; айыппұл 50 000 (елу мың) теңге; пеня 60 000 (алпыс мың) теңге;
 - 2) ТОО «UNIPARK» Миропольский Вадим Евгеньевичтің пайдасына төрелік шығындар ретінде 160 300 (жүз алпыс мың үш жүз) теңге төлеуге міндетті;
3. Жауапкерге осы Бұйрық табыс етілген күннен бастап жеті күн ішінде оны жою туралы өтініш беру құқығы түсіндіріледі.
4. Осы Бұйрық а) жоғарыда көрсетілген 3-тармақта белгіленген мерзім өткенге дейін; немесе б) көрсетілген мерзім ішінде Жауапкер ұсынған өтініш толық қаралып, ол бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін (қайсысы кейінірек болса), орындауға жіберілмейді.

Сот қабылдады,

Том Монтагю – Смит КС,
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік:

Талап қоюшы өз мүдделерін дербес түрде өзі қорғады.

Жауапкер өкілдік етілмеді.